

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 678 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/269 бұйрығын қараңыз.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 5-бабының 15-3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*  
Қ а з а қ с т а н  
Ү к і м е т і н і ң

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
К. Мәсімов  
Р е с п у б л и к а с ы

**Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының негізінде әзірленді және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі – машиналар) жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізудің бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу Мемлекеттік техникалық инспекцияның конструкциялары жол қозғалысының қауіпсіздігіне және қоршаған ортаны қорғауға қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасында қолданылатын қауіпсіздік талаптарына, белгіленген стандарттарға, қағидаларға сәйкес болуы тиіс машиналардың техникалық жай-күйінің сәйкестігін бағалау жөніндегі қызметі.

3. Жылына бір рет техникалық байқаудан өткізуге жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – иеленушілер) иелігіндегі және жергілікті атқарушы органдарда есепте тұрған машиналар жатады.

Комбайндар да ауыл ауылшаруашылығы құрылымдарында, кәсіпорындарында, ұйымдарында, мекемелерде жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуге жатады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу олардың техникалық жай-күйін бағалау, олардың санын, тиесілілігін және басқа да тіркеу деректерін нақтылау, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы қағидаларын өрескел бұзушылықтарды және қоршаған ортаның экологиялық жай-күйіне әсер ететін бұзылулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

## **2. Машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу тәртібі**

5. Жергілікті атқарушы органдар жеке және заңды тұлғалармен келісім бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, астана; аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша машиналарды техникалық байқаудан өткізу кестесін жасайды, онда машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу орны, мерзімдері және уақыты туралы мәліметтер болуы тиіс. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша жиынтық кестені облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесінің басшысы бекітеді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

6. Жергілікті атқарушы органның инженер-инспекторы машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу басталғанға дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей машина иелерін машиналарды техникалық жай-күйін байқаудан өткізуге ұсыну мерзімдері, шарттары мен тәртібі туралы (жергілікті басылымда жариялай отырып) хабардар етеді.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7. Машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу көктемгі егіс және жиын-терім жұмыстары басталар алдында машиналардың нақты орналасқан жері бойынша және жергілікті атқарушы орган белгілеген мерзімде жүргізіледі.

Машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу маусымдық

жұмыстар басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын аяқталады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

8. Заңды тұлғалар машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуге мыналарды ұсынады:

1) маркасын және моделін, шығарылған жылын, машинаның және қозғалтқыштың зауыттық нөмірін, сериясын және мемлекеттік нөмірлік белгісінің нөмірін көрсетіп, теңгерімде тұрған машиналар тізімі;

2) машинаға тіркеу құжатты (техникалық паспорт);

3) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның мөрімен расталған механикалық көлік құралдарын мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу актісі ( 2 дана );

4) көлік құралдарына салық төленгенін растайтын құжат не көлік құралдарына салық төлеуден босатылғанын растайтын құжат.

9. Жеке тұлғалар механикалық көлік құралдарын мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуге мыналарды ұсынады:

1) азаматтың жеке басын куәландыратын құжат;

2) тұлғаның мүддесін білдіруге азаматтың өкілеттігін куәландыратын сенімхат ( бар болса );

3) машинаға тіркеу құжаты (техникалық паспорт);

4) көлік құралдарына салық төленгенін растайтын құжат не көлік құралдарына салық төлеуден босатылғанын растайтын құжат.

10. Машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуді құрамында жергілікті атқарушы органның инженер-инспекторы – комиссия төрағасы, кәсіпорынның бас инженер-механигі мен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері болатын комиссия жүргізеді. Комиссияның құрамына жоғарыда тұрған басқару органдарының, жөндеу-қызмет көрсету кәсіпорындарының инженерлік-техникалық қызметкерлері, жергілікті атқарушы органның штаттан тыс инспекторлары қосылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

11. Жеке және заңды тұлғалар өздерінің иелігіндегі машиналардың техникалық жай-күйін байқаудан өткізу үшін оларды белгіленген мерзімдерде және орынға әкеледі. Мемлекеттік техникалық байқауға белгіленген мерзімде әкелінбеген машиналар мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеді деп танылады, ал оларды пайдалануға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы № 1650 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жол

қозғалысының ережелеріне (бұдан әрі – Жол қозғалысының ережелері) сәйкес  
у а қ ы т ш а ж о л б е р і л м е й д і .

12. Инженер-инспектор машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан  
ө т к і з г е н к е з д е :

1) машиналардың кімге тиесілі екенін нақтылайды, машина, шасси, қозғалтқыш, рама типінің, моделінің, шығарылған жылының, зауыттық нөмірінің және нөмірлік белгісінің тіркеу құжатында жазылған деректерге сәйкестігін т е к с е р е д і ;

2) машиналардың техникалық жай-күйін осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын ұлттық стандарттарда, сертификаттарда, дайындаушы зауыттардың пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарында белгіленген адам өмірінің, денсаулығының және мүлкінің қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ Жол қозғалысы қағидаларының талаптарына сәйкестігін тексереді. Тежегіш жүйенің, рөлмен басқарудың жұмысы, доңғалақтар мен шиналар, жарық және сигнал беру құралдары, тіркеу құрылғысы міндетті тексерілуге жатады.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен .**

13. Тіркеу деректерінде айырмашылықтар, машина мен қозғалтқыштың зауыттық нөмірлерінің, тіркеу құжатындағы мемлекеттік нөмірлік белгілерінің жалған екендігі анықталған кезде Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасында белгіленген шаралар қолданылады.

14. Осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін не жол қозғалысының қауіпсіздігіне және қоршаған ортаны қорғауға қауіп төндіретін ақаулары бар машиналар ақаулы деп есептеледі және Жол қозғалысының ережелеріне сәйкес оларды п а й д а л а н у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

15. Шығарылғанына үш жыл толмаған жаңа машиналарды техникалық байқаудан өткізу тіркеу пункттерінде тіркелгеннен кейін алғашқы үш жыл ішінде бір рет олардың техникалық жай-күйін тексермей жүргізіледі.

16. Техникалық жай-күйі дайындаушы зауыттың нұсқаулығына, сондай-ақ осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық стандарттарға сәйкес келетін толығымен жинақталған машина жарамды деп е с е п т е л е д і .

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен .**

17. Жеке тұлғалардың мемлекеттік техникалық байқаудан өткен машиналарына байқаудан өткізілгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес машиналарды мемлекеттік техникалық

байқаудан өткізу журналында «Ақаусыз» деген жазу жазылады және байқаудан өткізілген жылы көрсетіліп, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Техникалық байқаудан өткені туралы талон беріледі, ол жергілікті атқарушы органның инженер-инспекторының қолымен және тіркеу пунктінің мөртабанымен расталады. Талон кабинетінің алдыңғы терезесінің оң жақ төменгі бұрышына (оның ішкі жағынан) бекітіледі.

Талон жоғалған немесе зақымданған кезде жергілікті атқарушы органдар өтініш беруші жүгінгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде техникалық байқаудан өткені туралы талонның телнұсқасын береді.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

18. Агрегаттар мен механизмдер ажыратылмай, диагностикалық аспаптарды және басқа бақылау құралдары мен тәсілдерін пайдаланып тексеріледі. Тіркемелердің жай-күйі поездың құрамында тексеріледі.

19. Мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеген немесе техникалық байқаудан өткен, бірақ қауіпсіз пайдалануға немесе жол қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін немесе экологиялық жағдайдың нашарлауына апаратын ақаулары бар машиналарды басқару фактілері анықталған кезде кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес ықпал ету шаралары қолданады, ал мұндай машиналарды пайдалануға тыйым салынып, нөмірлік белгілері алынады.

20. Тұрақты есепте тұрған жерінен басқа аудандарға 2 айдан астам мерзімге шыққан машиналарды инженер-инспектор өзі белгілеген мерзімде олар уақытша есепке қойылған жер бойынша техникалық байқаудан өткізуге ұсынады.

### **3. Машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу нәтижелерін ресімдеу**

21. Заңды тұлғалардың машиналарын мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу актісімен екі данада ресімделеді. Бірінші дана заңды тұлғаның өкіліне беріледі, ал екіншісі анықталған кемшіліктерді жою барысын бақылау үшін тіркеу пунктіінде қалады.

22. Жеке тұлғалардың машиналарын мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу нәтижелері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес машиналарды техникалық байқаудан өткізу актілермен ресімделеді.

23. Машиналардың жай-күйін мемлекеттік техникалық байқаудан өткізудің жиынтық қорытындыларын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың,

астананың жергілікті атқарушы органдары машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуді жақсарту жөніндегі әзірленген іс-шаралар мен ұсыныстарды қоса беріп, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

24. Машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу құжаттары 3 жыл сақталады.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларына  
1-қосымша

### **Машиналарды мемлекеттік техникалық байқау актісі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_  
(жергілікті атқарушы орган атауы)

инженер-инспекторы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты) (бар болған жағдайда)  
(бұдан әрі – аты-жөні)

\_\_\_\_\_ бірге  
(тексеруге қатысып отырғандарды, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы)

теңгерімінде тұрған машиналардың техникалық жай-күйіне байқау өткізілді.

Техникалық жай-күйін байқау кезінде төмендегілер анықталды:

1. Техникалық байқауға жалпы саны \_\_\_\_\_ төмендегі машиналар ұсынылды:

(саны)

Р/с №№	Машинаның атауы	Мемлекеттік тіркеу нөмірі	Шығарушы зауыттың реттік нөмірі		Шығарылған жылы	Машинаның техникалық өткендігі туралы қорытынды	Машинаның техникалық өткендігі туралы талонның немесе оны алып жөніндегі белгі
			машинаның (рамасының)	қозғалтқыштың			
1	2	3	4	5	6	7	8

Техникалық байқаудан \_\_\_\_\_ машина өтті.  
( с а н ы )

Техникалық байқаудан \_\_\_\_\_ машина өтпеді, оның ішінде \_\_\_\_\_ мына \_\_\_\_\_ себептермен:

техникалық ақауы бар \_\_\_\_\_ бірлік;  
( с а н ы )

күрделі жөндеуде \_\_\_\_\_ бірлік;  
( с а н ы )

конструкциясының нормативтік-техникалық құжаттамаларға сәйкес келмеуінен \_\_\_\_\_ бірлік өтпеді.  
( с а н ы )

2. \_\_\_\_\_ машина техникалық жай-күйін байқауға ұсынылмады:  
(саны)

Р / с №№	Машинаның маркасы	Мемлекеттік тіркеу белгісі	Машиналарды мемлекеттік техникалық байқауға ұсынбау себептері	Машиналардың техникалық байқау өткендігі жөніндегі талонды тапсырған туралы белгі
1	2	3	4	5

Заңды тұлғаның басшысы \_\_\_\_\_  
( қ о л ы , а т ы - ж ө н і )

Бухгалтер (немесе есеп жүргізуші тұлға) \_\_\_\_\_  
( қ о л ы , а т ы - ж ө н і )

Инженер-инспектор \_\_\_\_\_  
( қ о л ы , а т ы - ж ө н і )

К о м и с с и я \_\_\_\_\_ мүшелері:

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы , а т ы - ж ө н і )



---

( қ о л ы , а т ы - ж ө н і )

---

(қолы, аты-жөні)

Машиналардың техникалық байқаудан өткендігі жөніндегі талондардың (пайдалану үшін рұқсатнаманың) \_\_\_\_\_ данасын заңды тұлғаның өкілі \_\_\_\_\_ алды.

---

(қолы, аты-жөні)

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларына  
2-қосымша

### **Машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуге қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі**

1. Шығарушы-зауыттардың нұсқаулықтары.
2. МЕМСТ 23181-78 «Автокөлік құралдарының гидравликалық тежегіштерінің жетектері. Жалпы техникалық талаптар».
3. МЕМСТ 22895-77 «Автокөлік құралдарының тежеу жүйелері және тежегіштік қасиеттері. Тиімділік нормативтері. Жалпы техникалық талаптар» (жалпы пайдаланылатын автожолдармен жүруге арналмаған автокөліктер үшін).
4. МЕМСТ 4364-81 «Автокөлік құралдарының пневматикалық тежеу жүйелерінің жетектері. Жалпы техникалық талаптар».
5. МЕМСТ 12.2.11-85 «Аспалы және тіркемелі ауыл шаруашылығы машиналары. Жалпы қауіпсіздік талаптары».
6. МЕМСТ 12.2.019-86 «Тракторлар және өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары. Жалпы қауіпсіздік талаптары».
7. МЕМСТ 28708-90 «Ауыл шаруашылығы жұмыстарын шағын механикаландырудың ұтқыр құралдары. Конструкцияға қойылатын жалпы

қауіпсіздік

талаптары».

8. МЕМСТ 12.2.120-88 «Өздігінен жүретін жол-құрылыс машиналарының, бір білікті тартқыштарды, карьерлік өзі аударғыштардың және өзідігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары операторларының кабиналары және жұмыс орындары. Жалпы қауіпсіздік талаптары».

9. МЕМСТ 19677-87 «Ауылшаруашылық тракторлары. Жалпы техникалық талаптары».

10. МЕМСТ 18699-73 «Электр әйнек тазалағыштар. Техникалық талаптар».

11. МЕМСТ 10000-75 «Трактордың тіркемелері және жартылай тіркемелері. Жалпы техникалық талаптары».

12. МЕМСТ 3481-79 «Тракторлар және ауылшаруашылық жетек-жалғау құралдары. Тұрпаттары, негізгі параметрлері және өлшемдері».

13. 1999 жылғы 26 мамырдағы № 643 қаулымен өзгерістер енгізілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы № 1650 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелері».

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларына 3-қосымша

## **Машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу ЖУРНАЛЫ**

Р/с № №	Байқау жүргізілген күні	Машинаның атауы және маркасы	Нөмірлері		нөмірлік тіркеу белгісі	Иесінің (иеленушінің) Т.А.Ә.	Техникалық жай-күйі туралы қорытынды (ақаулы, ақаусыз)	Нөмір белгісін және басқару куәлігін алу туралы белгі	Машина меншік иесінің (иеленушінің) колы
			шассидің	қозғалтқыштың					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Тракторларды және олардың  
базасында жасалған өздігінен  
жүретін шассилер мен  
механизмдерді, монтаждалған  
арнаулы жабдығы бар тіркемелерді  
қоса алғанда, олардың тіркемелерін,  
өздігінен жүретін ауылшаруашылық,  
мелиорациялық және жол-құрылысы  
машиналары мен механизмдерін,  
жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы  
машиналарды жыл сайынғы  
мемлекеттік техникалық байқаудан  
өткізу қағидаларына  
4-қосымша

-----  
(машинаның мемлекеттік нөмірі)

-----  
(облыстың атауы)

### **Мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу туралы талон**

**№ \_\_\_\_\_**

**(талонның)**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

\_\_\_\_\_ машиналардың  
мемлекеттік техникалық байқауынан өтті (өткізу мерзімі)

Талонның артқы беті

Машинаның маркасы және моделі \_\_\_\_\_

Жыл сайынғы салығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ теңге

20\_\_ жыл «\_\_» № \_\_\_\_\_ түбіртек бойынша төленген.

Кезекті техникалық байқаудан 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ өткізу ұсынылады.

Инженер-инспектор \_\_\_\_\_

(жергілікті атқарушы орган атауы) (қолы)

Талон кабинаның алдыңғы әйнегінің (оның ішкі жағының) оң жақ төменгі бұрышына жапсырылады және жаңа талон алғанша алынбайды.

## **Машиналардың мемлекеттік техникалық байқаудан өтуі туралы талонның сипаты**

1. Талон бланкілері көлемі 7,5 x 10,5 см қатты қағаздан жасалады.

2. Талонның бет жағына: сол жақта - нөмірлік белгі және трактордың бейнесі; оң жақта - өңірдің атауы және шетінде машинаны техникалық тексеруге берген жылдың соңғы екі санын көрсетуге арналған көлемі 5 x 5,5 см орын.

Олардың астына талонның реттік нөмірі мен техникалық тексеруден өткен мерзімі көрсетіледі.

3. Талонның артқы жағында Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларына 5-қосымша

### **Машинаны пайдалану кезіндегі техникалық байқау актісі**

**20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_**

**Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1383 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Мен, \_\_\_\_\_ инженер-инспекторы  
(жергілікті атқарушы орган атауы, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (иесінің аты-жөні, толық мекенжайы)

\_\_\_\_\_ машинасын техникалық байқаудан өткіздім.

Маркасы \_\_\_\_\_

Зауыттық № \_\_\_\_\_

Шығарылған жылы \_\_\_\_\_

—  
Мемлекеттік тіркеу белгісі \_\_\_\_\_

Қозғалтқыштың № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ есепте тұр

(жергілікті атқарушы орган атауы)

Техникалық ақауы байқалды

Қорытынды \_\_\_\_\_

( а қ а у с ы з , а қ а у л ы )

(мемлекеттік техникалық байқаудан өту

\_\_\_\_\_ алынып, пайдалануға тыйым салынды.

жөніндегі \_\_\_\_\_ талоны, \_\_\_\_\_ тіркеу \_\_\_\_\_ белгісі)

Инженер-инспектор \_\_\_\_\_

( қ о л ы , а т ы - ж ө н і , м ө р і )

Актінің \_\_\_\_\_ көшірмесін \_\_\_\_\_ алдым

( и е с і н і ң қ о л ы )

Ақауын жойғаннан кейін машинаны мына мекенжайға:

(Техникалық жай-күйне байқау жүргізудің жылы, күні, айы, мекенжайы)

осы актінің көшірмесімен бірге қайтадан мемлекеттік техникалық

тексеруге \_\_\_\_\_ әкелуі \_\_\_\_\_ қажет:

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қайта техникалық тексеруден өтті

Қорытынды \_\_\_\_\_

( а қ а у с ы з , а қ а у л ы )

Инженер-инспектор \_\_\_\_\_

( қ о л ы , а т ы - ж ө н і )

Мемлекеттік техникалық байқаудан өткендігі туралы (мемлекеттік тіркеу

белгісі) талонды (пайдалануға рұқсатнаманы) алдым \_\_\_\_\_

(қолы, аты-жөні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК